



Автор: Кушекова Салика Сандибаевна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Туған өлкем
Тақырып: Астана

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу 2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу 2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну
Оқыту мақсаттары	Барлық оқушылар: Туған жерін құрметтей білуге үйренеді Кейбір оқушылар: Екі қаланы салыстыра отырып, ерекшеліктерін түсінеді Оқушылардың көбі: Астана туралы өз ойларын еркін айтуға, жүйелі жауап беруге дағдыланады.
Тілдік мақсат	Талқылау нәтижесінде негізгі ойларды жазбаша жазып, ойларын жүйелеуге жаттығады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басталуы (5 минут)	Шаттық шеңбері Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!	слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>Үй тапсырмасын тексеру. "Туған өлкем" өлеңі. "Бас бармақ" әдісімен бағалау. Оқушылар қимақағаздар арқылы Этопқа: Сарыарқа, Бәйтерек, Есіл болып бөлінеді. Неліктен топтарымыз осылай аталды? Бүгін біз Күләш Ахметованың "Астана" өлеңімен таныс боламыз. Күләш Ахметова (1946 жылы 25 сәуірде Қырғызтан Талас ауданы Киров ауылында туған) -ақын, журналист, аудармашы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2006). Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1978), Жамбыл облысының азаматы. Парасат және Құрмет ордендерінің иегері. Ақынның өлеңдері - туған-жер, достық, адалдық тақырыптарында жазылған. Астана өлеңі мәнгерлеп оқу.</p> <p>Постер қорғау Өлең бойынша кім не түсінді соны жазады, өз ойларын еркін жеткізіп қорғайды.</p> <p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бәр отырып, бәр тұрып, Біз бір дем алайық. Сөздік жұмыс. Саф- таза ауа . Өзек-адамның мүшесі.Ұлылық-үлкендік. Слайд . Жас гүлденген Астанамыздың әсем де көрікті жерлерімен танысыңыздар. Олардың қатарында Тәуелсіздік сарайының алдындағы ұшар басындағы аныздағы "Самұрық" құсының қол мүсіні бейнеленген "Қазақ елі" монументі, Тәуелсіздік сарайы, "Астана-Бәйтерек" монументі, "Думан" ойын сауық орталығы бар.</p> <p>Венн диаграммасын толтыру Екі қаланың ұқсастығы мен айырмашылығын айтады.</p> <p>Екі жұлдыз бір тілек Оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p>	слайд, қимақағаздар, суреттер.
Аяқталуы (10минут)	<p>Үйге тапсырма "Астана" өлеңін. жаттау. "Ару қала- Астана" тақырыбында эссе жазу.</p> <p>Бағалау</p>	бағалау парағы, смайликтер